

К.И. Байзакова¹, Г.М. Смагулова², С.Б. Стамбулов²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;
²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: kbaizakova@mail.ru)

Жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерін болжаудағы жаңа әдістемелік тәсілдер: халықаралық тәжірибе

Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында аймақтық және халықаралық қауіпсіздік мәселесінің ерекшеліктерін кешенді түрде зерттеу маңызды болып саналады. Әдістемелік тәсілдер халықаралық қатынастардың жүйесіне, қауіпсіздік жүйесін құрылымдауға және олардың көпжақты элементтерін айқындауға қатысты жаңа анықтамалар мен бағыттарды ескеруді талап етеді. Мақала тақырыбының өзектілігі аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке қатысы бар әртүрлі көзқарастарды зерттеу және болжау барысында әртүрлі тәсілдердің арақатынасын қарастырудың маңыздылығымен анықталған. Авторлар әртүрлі мектептер мен бағыттардың шеңберіндегі парадигмаларды ескере отырып, тарихи ракурста жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдерінің арақатынасы мәселелерін қарастырған. Мақалада Орталық Азия мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігі тәжірибесінің дамуын ескере отырып, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке қатысы бар әртүрлі көзқарастардың арақатынасына талдау жасалған. Авторлар аймақтық қауіпсіздікті зерттеу жаңа категориалдық аппаратты талап етеді деген қорытындыға келеді. Жаңа категориалдық түсініктерді өңдеу қауіпсіздік мәселесін кешенді түрде зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Осымен бірге, зерттеліп отырған мәселе бойынша ақпараттарды жинақтау мен оларды талдаудың әдістерін жетілдіру қажеттілігіне назар аудару керек.

Кілт сөздер: аймақтық қауіпсіздік, жаһандық қауіпсіздік, Орталық Азия, қауіпсіздіктің аймақтық кешені, халықаралық қатынастар теориясы.

Kipicne

Әдетте мамандардың барлығы зерттеу жүргізу барысында белгілі бір әдістемелік тәсілдерге сүйенеді. Ғылымның қай саласында болмасын зерттеушілер әдістемелік тәсілдерді басшылыққа алады. Солардың қатарында халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін зерттеушілер де әдістемелік тәсілдерге жүгінеді. Халықаралық қатынастар екі сөзден құралған ұғым болғандықтан, сөздің екінші бөлігі — «қатынастар», бұл әлеуметтік бағытты білдіретіндіктен, дүние жүзіндегі болып жатқан жағдайлар мен құбылыстар әлеуметтік-гуманитарлық ғылым қолданатын әдістерді пайдалану арқылы зерттеледі.

Халықаралық қатынастар көп қырлы және ол өте күрделі. Әсіресе қазіргі кезде халықаралық қатынастар жүйесінде орын алып отырған халықаралық терроризм, діни экстремизм, сонымен бірге саясаттың, экономиканың, мәдениеттің жаһандануы тәрізді көптеген мәселелердің туындауы, тіпті әлемді дендеген коронавирус пандемиясы халықаралық қатынастардағы проблемалардың ауқымды әрі күрделі екендігін дәлелдей түседі. Осы ретте жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру жағдайында аймақтық және халықаралық қауіпсіздіктің нақты проблемаларын жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеу ерекше маңызды болып табылады.

Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруі ХХ ғ. аяғы – ХХІ ғ. басында кең тараған аймақтандыру үрдісімен тығыз байланысты. Аталған үрдістердің шеңберінде қазіргі әлемдік саясаттың объекті және субъекті рөлін атқара бастаған және халықаралық қатынастар жүйесінде халықаралық жүйенің жаһандық деңгейі мен ұлттық мемлекет деңгейі арасындағы «орта» деңгейді иеленген жаңа акторлар — аймақтар халықаралық аренадағы маңызды орынға ие. Сондықтан, халықаралық қатынастарды зерттеудің ерекше объектісі ретінде қауіпсіздіктің аймақтық құрылымына деген қызығушылық алдымен «қырғи–қабак» соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесінің аймақтандыру сипатына ие болуымен анықталды.

Қазіргі халықаралық қатынастарда қауіпсіздіктің аймақтың деңгейінің маңызы айтарлықтай артып отыр. Қауіпсіздіктің аймақтық кешені концепциясының бірқатар ережелерін зерттеу барысында қауіпсіздіктің дәстүрлі және дәстүрлі емес аймақтық өлшемдерінің қаншалықты құрылымдалғандығын, олардың аймақтық кешенді құруға деген қабілеттілігін зерттеудің маңызы жоғары. Қауіпсіздік

мәселелерінің концептуалдық негізін өңдеу Орталық Азиядағы қауіпсіздікке қатысы бар құбылыстардың ерекше белгілерін анықтау барысында, осымен қатар қауіпсіздік пен аймақтың трансформациялануы салаларындағы қазіргі заманғы аймақ аралық үрдістерді теориялық жағынан ұғынуда маңызды саналады.

Орталық Азия аймағындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы және олардың арасындағы аймақтық деңгейдегі өзара байланыс тәуелсіздік пен егемендікті сақтау, саяси құрылыс үрдістерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканы реформалау, қауіпсіздіктің ұлттық және ұжымдық жүйесін құру сияқты ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің өзекті болуымен қатар жүрді. Сондықтан, Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті күрделілендіретін және қауіп-қатер төндіретін мәселелер кешенінің бар болуы аталған мақала тақырыбының өзектілігін анықтап отыр.

Зерттеу әдістері

Мақалада көтерілген мәселелерді зерттеу барысында теориялық таным әдістерінің ішінен эмпирикалық таным, жүйелеу, сонымен бірге салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер аймақтық саяси үрдістердің қарама-қайшылығын, аймақтық және ұлттық саяси өмір компоненттерінің өзара байланысын ескере отырып, аймақтағы саяси шындық құбылыстарын қарастыруға мүмкіндік береді. Эмпирикалық таным әдісі нақты аймақтық саяси құбылыстар мен үрдістер немесе нақты бір мемлекеттің саяси үрдістері мен құбылыстары жөніндегі жаңа білім алудың құралы болды. Сонымен қатар, аймақтағы үрдістерді, олардың даму тенденцияларын, әртүрлі субъективті және объективті факторлардың рөлін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берген жүйелеу әдісі қолданылды. Салыстырмалы талдау әдісінің негізінде жаһандық және аймақтық қауіпсіздікке тікелей қатысы бар әртүрлі теориялардың, осымен қатар мектептердің негізгі ережелері мен тұжырымдарына талдау жасалды.

Мәселені талқылау

Әдістемелік тәсілдер халықаралық қатынастар жүйесіне, қауіпсіздік жүйесін құрылымдауға және оның көпжақты элементтерін анықтауға қатысты ғылыми анықтамалардың жаңа түрлері мен бағыттарын ескеруге көмектеседі.

Қауіпсіздік мәселелері әртүрлі мектептер мен бағыттар шеңберінде зерттелуде. «Қауіпсіздік» түсінігіне байланысты, сондай-ақ қауіпсіздіктің негізгі деңгейлеріне қатысты әртүрлі көзқарастар бар (ұлттық, аймақтық, жаһандық). Яғни, аймақтық қауіпсіздікті зерттеу жаңа категориялық аппаратты және қауіпсіздік мәселелерін жан-жақты зерттеуді, аппараттарды жинау мен талдаудың қазіргі заманауи әдістерін қолдануды қажет етеді.

Батыстық сарапшылар қауіпсіздік мәселелерін *құрылымдық неореализм* шеңберінде және аймақтық қауіпсіздік жүйелерін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздерін зерттейді. Либерал-идеалистік парадигманың дамуы, оның шеңберінде дәстүрлі емес қауіпсіздік проблемалар теориялары, «бірлескен қауіпсіздік», «ұжымдық қауіпсіздік» және «қауіпсіздік қауымдастығы» тәрізді тұжырымдамалары дамыды және бұл халықаралық қатынастардың еуропалық ғылымында тез дамып келе жатқан бағыт болып табылады.

Либерализм мектебінің халықаралық ұйымдардың рөлі, халықаралық проблемаларды шешуде және қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұжымдық әрекеттің қажеттілігі туралы тезистері олардың маңыздылығын сақтайды. Осы парадигманың негізгі орталығының бірі — жалпы адамзаттық қызығушылықтарға, мүдделер мен баршаға ортақ құндылықтарға негізделген халықаралық ынтымақтастық идеясы екенін еске сала кетейік.

Әлемнің жетекші державалары арасындағы күш тепе-теңдігін сақтау қажеттілігі туралы *реализм мектебінің* негізін қалайтын тезисі, әлемдік қауымдастықтың дамуының қазіргі тенденцияларына сәйкес келеді. Бірақ қауіпсіздікті мықты позиция тұрғысынан айқындау тәсілдері мемлекеттер мен аймақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі халықаралық жүйенің басқа элементтерінің маңыздылығын түсінумен алмастырылуда. Отандық және батыс сарапшылары өз зерттеулерін келесі тезистерге сүйене отырып жүргізеді: мемлекеттер тек тәуелсіз субъектілер ретінде ғана емес, сонымен бірге олар құратын құрылымдарын ескере отырып қарастырылады; күштер категориясының мазмұны оған әскери емес құрамдардың қосылуына байланысты кеңейеді; «күш тепе-теңдігі» құрылымдық тұрғыдан қарастырылады (әдетте, халықаралық қатынастардың полярлығы идеясына негізделген); белгілі бір дәрежеде реттелуге келетін «жетілген анархия» идеясы енгізілуде.

Транснационализм теориясының өкілдері Дж. Ная және Р. Коэн «Халықаралық институттар әр елдің өз мүдделеріне негізделген ынтымақтастықты одан әрі жеңілдету түседі, белгісіздікті

төмендетеді, ақпарат және оның көлемін бөліп таратудың сапасы мен біртектілігін жақсартады, мемлекеттің сенімді серіктес ретіндегі беделін қалыптастырады және нығайтады», — деп көрсетеді [1].

Ғылыми зерттеулерде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін негізгі ережелер мен нормалардың жиынтығының конструктивтілігін мойындаумен ерекшеленетін *конструктивизм теориясы* да қолданылады. Конструктивизм бойынша, бар шындық ұтымды жағдайларда емес, әлеуметтік-мәдени құндылықтарды таратумен және осы үдерістерге қатысатын халықаралық қатынастар акторларының көзқарасы негізінде жасалады. Конструктивизмде халықаралық институттардың реттеуші және жасаушы ретіндегі қосарлы функциясын атап көрсетеді: қазіргі жүйе шеңберіндегі жаңа тұжырымдамалық идеяларды қалыптастыру үшін кеңістік ашатын, сондай-ақ қақтығыстар мен қарама-қайшылық тудыратын деструктивті ахуал.

Бүгінгі күні сарапшылар қауымдастығы «Копенгаген мектебінің» идеяларын белсенді түрде қолданады, оның көрнекті өкілдері — Барри Бузан и Олле Вивер. Олар ұсынған «секьюритилендіру» тұжырымдамасы халықаралық немесе ішкі проблемаға жоғары қауіпсіздік санатына жататын арнайы проблема мәртебесін беру немесе оны шешудің әдеттегі саяси процестерден тыс болатын арнайы шараларды қолдану заңдылықтарынан тұрады [2].

Б. Бузанның «аймақтық қауіпсіздік кешендері» тұжырымдамасына қатысты қазіргі кез тұрғысынан түсінуде, әсіресе Орталық Азия аймағына қатысты түсіндірмесі сарапшылар арасында пікірталас тудырады. Сонымен, Б. Бузан мен О. Вивер Орталық Азия аймағын аймақтық қауіпсіздіктің субкешені ретінде түсіндіреді. Ал отандық зерттеуші И. Черных, бұл тұжырымға келіспейді, ол Орталық Азия аймағының оқшаулағыш немесе шағын-қауіпсіздік кешені ретіндегі рөлі туралы уәж айтады [3].

«Аймақ» деген классикалық анықтама шеңберіндегі елдердің өсіп келе жатқан өзара тәуелділігі, аймақтық қауіпсіздік кешендерін айқындау саласындағы тәсілдерін қайта қарау қажеттілігін көрсетеді. Егер Орталық Азия аймағында бар қауіпсіздік мәселелерін алып қарайтын болсақ, онда олардың басым бөлігі аймақтық қауіпсіздік проблемаларына жатады. Сондықтан, егер Орталық Азия елдеріндегі интеграция болмаса да кооперация, қауіпсіздіктің негізгі факторына айналуы мүмкін, бұл сайып келгенде, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ішкі жүйелерден — аймақтық қауіпсіздік кешендерінен тұратын қауіпсіздік жүйесін құру қажеттілігіне әкеледі.

Аймақтық деңгей қауіпсіздік мәселелерін талдаудың орталық деңгейі ретінде қарастырылуы керек. Бұл деңгей ішкі және аймақ елдеріндегі жағдайларды, көрші елдер арасындағы қатынастарды және аймақтық процестердің жаһандық белсенді державалармен өзара әрекеттесуін зерттеудің байланысын білдіреді.

Жаһандық, аймақтық және ұлттық қауіпсіздік салаларындағы жаңа міндеттерді зерделеу *кешенді талдауды* қажет етеді. Әлі де болса жүйелік тәсіл, салыстырмалы тарихи әдіс, синтез және талдау әдістерінің, эмпирикалық зерттеулердің, қолжетімді құжаттар мен материалдарды талдауда контент-анализ, сондай-ақ құрылымдық-функционалдық және институционалдық тәсілдердің жиынтығына негізделген талдау маңызды болып қала береді.

Зерттеудің жетекші әдістерінің бірі — *жүйелік талдау* болып табылады. Ол жалпы қауіпсіздік кеңістігін оның ішкі және сыртқы маңызды байланыстарының жиынтығында ашық динамикалық жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оны оңтайландыру жолдарын табуға мүмкіндік береді.

Жүйелік тәсілді қолдану логикасы белгілі бір қауіпсіздік құрылымына (ШЫҰ, АӨСШК) мүше елдер арасындағы қатынастардың эволюциясы жаңа әлемдік тәртіпті қалыптастыру жағдайында мемлекетаралық және әлеуметтік өзара іс-қимылдың әртүрлі салаларындағы факторларға байланысты болғандығын ескеру қажеттілігімен байланысты, сонымен бірге бұл салалардағы өзгерістер бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста.

Салыстырмалы-тарихи талдау халықаралық және аймақтық ұйымдардың қызметі тұрғысынан негізгі қауіпсіздік парадигмаларының эволюциясына әртүрлі факторлардың әсер ету сипатын анықтауға мүмкіндік береді. Әртүрлі уақыт кезеңдерінде болған құбылыстардың эволюциясын зерделеудің объективті қажеттілігін ескере отырып, өткен мен бүгінгі күннің өзара байланысын, даму перспективаларын айқындау үшін тарихи тұрғыдан қарастырылады.

Салыстырмалы әдіс қатысушы халықаралық субъектілердің стратегиялық мүдделерімен қатар проблемалық мәселелердің дамуын бақылауға, бұл жалпы тенденцияларды неғұрлым толық анықтауға, атап айтқанда, жағдайды дамытудың мүмкін нұсқаларын біріктіруге мүмкіндік жасайды.

Институционалдық тәсіл құрылымдық-функционалдық тұрғыдан құрылымдардың рөлін анықтауға және олардың қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тетіктерін нақтылауға мүмкіндік береді.

Жаһандық, аймақтық және ұлттық қауіпсіздіктің қазіргі жағдайын зерттеуде *пәнаралық байланыс тұрғысынан қарастыру тәсілін* қажет ететіні даусыз, өйткені жаһандану дәуіріндегі сыртқы саясатты экономизацияландыру мәселесі экономистердің, саясаттанушылардың, тарихшылардың және халықаралық сарапшылардың қатысуын талап етеді.

Қауіпсіздікті әртүрлі қырларынан зерттейтін шетелдік мектептердің заманауи ғылыми теорияларының тәжірибесін ескере отырып, жаһандану туралы тұжырымдамалық әзірлемелер, *екіжақты* және *көпжақты ынтымақтастықтағы* басымдықтар иерархиясы мәселені теориялық-әдіснамалық тұрғыдан қарастыру маңызды болып табылады.

Халықаралық қатынастардың қалыптасып келе жатқан жаңа жүйесі аймақтық және жаһандық қауіпсіздіктің нақты мәселелерін, жаһандану жағдайындағы екіжақты және көпжақты ынтымақтастықты, азаматтық қоғамдардың өзара іс-қимылын және олардың мемлекеттердің сыртқы саясатын қалыптастырудағы рөлін кешенді түрде қарастыруды талап етеді. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастарды теориялық тұрғыдан зерттеушілер ұсынған әдіснамалық тәсілдер, бұл проблемаларды зерттеуге ғана емес, халықаралық қатынастар жүйесіне, қауіпсіздік жүйесінің аймақтық және ғаламдық құрылымына қатысты ғылыми білімнің жаңа анықтамалары мен бағыттарын ескеруге, серіктестіктерде *көп деңгейлі элементті* анықтауға көмектеседі.

Деңгейлік және салалық тәсілдер зерттеушілерге эволюцияны кешенді түрде зерттеуге және ынтымақтастықтың әртүрлі салаларындағы елдердің өзара іс-қимылының ерекшеліктерін көрсетуге және серіктестіктің жаңа тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Деңгейлік талдаудың үш негізгі элементі: зерттеу пәнін құраушылардың сипаттамасы, олардың өзара әрекеттесу және болжау механизмдерінің түсіндірмесі, тек бір деңгейге назар аудармай, жалпы халықаралық қауіпсіздік мәселелерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, аймақтық және жаһандық қауіпсіздіктің қауіп-қатерлерін талдаудың ең тиімді әдісі аймақтық қауіпсіздіктің құрылымдық талдауын (салалық тәсіл, деңгейлік талдау, аймақтық қауіпсіздік кешенінің теориясы) жасауға арналған тұжырымдамалардың синтезі негізінде жасалған әдіс болып табылады.

Бөлінбеу және өзара қауіпсіздік ұғымдары қауіпсіздік туралы жаңа идеяларда маңызды орын алады: қауіпсіздік біртұтас ретінде қарастырылады. Бұған мысал ретінде жалпыға бірдей немесе бәрін қамтитын қауіпсіздік тұжырымдамасын (стратегиясын) айтуға болады.

Ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті зерттеудің көп *парадигматикалық тәсілі* орынды болып көрінеді, өйткені бұл қауіпсіздік құбылысын зерттеудің көп деңгейлі, көп қырлы және әдістемелік пікірдің әр алуандылығын көрсетеді.

Бұл тәсілді қолдану ұлттық және аймақтық қауіпсіздіктің саяси стратегиясын қалыптастыру процесіне, макро- және микро-саяси факторлардың, саяси және ақпараттық ресурстардың және қауіпсіздіктің ментальдық негіздерінің маңыздылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Халықаралық қатынастардың жалпы қабылданған теорияларымен қатар, бұл проблеманы әлемдік жүйелік талдау және сценарийді болжау тұрғысынан қарастыруға болады.

Көптеген теоретиктер қолданыстағы теориялық перспективалардан өзгеше қандай да бір жаңа теорияларды жасау қажеттілігін көрмейді. Дегенмен, саяси талдауды дамытудың оңтайлы әдісі ретінде теориялардың синтезін таңдауға болады және олардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау барысында шамадан тыс ынталандыруға жол бермеу керек. Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа құрылымын зерттей отырып, осы үдерістің теориялық тұстарын талдаумен қатар, практикалық шешімдерді ұсыну қажет.

Қазіргі кезде көп қолданатын тәсілдердің бірі — *қауіпсіздіктің жаңа өлшемі* болып табылады. Аймақтандыру және жаһандану жағдайында халықаралық қатынастардағы қауіпсіздікті өлшеудің әдіснамалық тәсілдері белгілі бір өзгерістерге ұшырайды, яғни дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулердің өсуімен тікелей байланысты. Бұл ретте аймақтық қауіпсіздік мәселелерін жан-жақты зерттеуде неореализм тәсілдерінен бастап барлық әдіс-тәсілдер белгілі бір өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Әртүрлі мектептер мен бағыттар қауіпсіздік мәселелерін құрылымдық неореализм және аймақтық қауіпсіздік кешендерін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері аясында зерттейді. Соңғы жылдары жаһандану жағдайында либералды-идеалистік мектеп тез дамып келеді, оның аясында дәстүрлі емес қауіпсіздіктің қыр көрсетулер туралы теориялары дами отырып жасалды.

Ұлттық қауіпсіздікті мемлекеттер мен оның одақтастарының әскери-саяси қарым-қатынастарын ұлттық қауіпсіздіктің кешені ретінде түсіндіруден ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейлерде оның

жан-жақты өлшеміне қарай түсіндіруге көшті. Экологиялық, демографиялық, энергетикалық, азық-түлік және қауіпсіздіктің басқа түрлері оның маңызды құрамдас бөліктері болды. Бірқатар зерттеулерде мұндай қауіпсіздік тұжырымдамасы кең мағынада «адам қауіпсіздігі» деп түсіндіріледі.

Осыған байланысты мемлекеттер мен жеке тұлғалардың заманауи технологиялар мен ақпараттарға, энергия көздеріне, экономикалық дамудың, қоршаған ортаның сапасын және басқалармен қамтамасыз ететін қол жетімділігі қауіпсіздіктің жаңа өлшемдеріне айналуға.

Бұл өлшемдер әскери-саяси ғылыммен қатар жаһандану жағдайымен байланысты қазіргі қауіпсіздік тұжырымдамасын нақтылай түседі және кеңейтеді, оны «мемлекет пен қоғамды сыртқы және ішкі қауіптер мен қатерлерден қорғаудың жай-күйі деп анықтайды, оларды айқындау, алдын-алу, азайту, жою және тойтарыс беру мемлекеттік қызмет ретінде түсіндіреді».

Қауіпсіздіктің жаңа өлшемдерін зерттеудің теориялық тәсілдері швейцарлық автор Аль-Рэдхонның «Пять измерений глобальной безопасности» аталатын еңбегінде қарастырылған. Бұл еңбек біздің заманымызға сәйкес келетін қауіпсіздіктің жаңа инновациялық принциптерін ұсынады: тек қана мемлекеттердің арасындағы кооперативті қатынастарға ықпал ету емес, сонымен қатар өркениеттер мен мәдени топтардың арасындағы бейбіт өмір сүруді анықтайтын нәтижесі нөлге тең емес қауіпсіздік принципін ұсынады.

Бұл жаһандық қауіпсіздіктің жаңадан жіктелуін көрсетеді және қауіпсіздіктің келесі бес аспектісінен: адами фактор, экологиялық, ұлттық, трансұлттық және трансмәдени факторлардан тұрады. Осымен бірге, қауіпсіздіктің нөлдік емес нәтижеге ие принципі келесідей болып саналады: «Жаһандану кезеңінде кез-келген бір мемлекет өзінің ұлттық және аймақтық қауіпсіздігін тек қана өзі қамтамасыз ете алмайтындығын көрсететін қауіпсіздік нөлдік соманың ойыны ретінде қарастырыла алмайды. Қазіргі заманғы қауіпсіздік бес өлшемдерден: адами, ұлттық, трансұлттық және трансмәдени өлшемдерден тұрады. Оларға қол жеткізу үшін барлық деңгейлерде қажетті басқару жүргізу қажет және бұл барлық адамдар үшін әділдіктің негізінде қауіпсіздіктің кепілі бола алады» [4].

ҚР-ның көпвекторлы сыртқы саясатының шеңберінде аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін талдау барысында концептуалдық тәсілдерді жіктеу мен зерттеуде «геосаясат» теориясын қолданудың маңызы бар. Бұл теория мемлекеттердің әрекет етуінің тарихи себептері мен кеңістіктегі органикалық өзара байланысын қарастырады. «Геосаясат» теориясы «егемендік», «территория», «мемлекеттің қауіпсіздігі» сияқты құндылықтарға негізделеді. Біздің пікірімізше, мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайы көптеген жағдайларда сыртқы саясатты жүргізудің басымдықтарын анықтайды, Орталық Азиядағы жаһандық және аймақтық ойыншылардың сыртқы саясатының артықшылықтарын талдауға мүмкіндік береді.

Кез келген аймақтағы сыртқы акторлардың ықпалы постбиополярлы әлемдік тәртіп жөніндегі геосаяси теориялардың (С. Хантингтонның, Ф. Фукуяманың және т.б. бір және көп полюсті халықаралық тәртіп концепциясы) контекстінде қарастырылады. Басқа бір жүйе және ортамен қарым-қатынаста болатын белгілі бір жүйе ретінде (аймақ жүйелі сапа ретінде) Орталық Азияға деген көзқарас АҚШ пен Ресейдің Орталық Азиядағы сыртқы саясатын және оның негізі бағыттарын (экономикалық, саяси, стратегиялық, мәдени, ақпараттық) қарастыру үшін жүйелілік әдісін қолдануға мүмкіндік береді.

Осылайша, Орталық Азия аймағындағы және әлемдегі өзгеріске ұшырып отыратын геосаяси және геоэкономикалық жағдай қауіпсіздік мәселесін жаңа тұрғыдан қарауға итермелейді және қауіпсіздік мәселесінің шешімін табу үшін жаңа әдіснамалық тәсілдерді талап етеді. Әдіснаманың негізінде екі ереже бар: шынайы қалыптасқан жағдайды өз уақытында және дәйекті түрде есепке алу, оның әртүрлі аспектілерін, жақтарын, ерекше белгілерін анықтау және жағдайды жан-жақты зерттеуді есепке ала отырып, алға қойған мақсатын ескеріп мемлекеттердің әрекет ету векторы қалыптасады.

Жаңа қауіп пен қатерлерге жауап бере отырып, қауіпсіздік алға қойған мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің жүйесі ретінде белсенді формаға көшеді.

Алға қойған мәселеге талдау жасау барысында Орталық Азия қауіпсіздігінің аймақтық өлшемі жаңа сапаға көшкеніне көз жеткіздік. Бұл жаңа сапа аса қауіпті қатерлердің бар екендігін және олардан қорғану деңгейін көрсетіп берді. Кейбір қауіп-қатерлер трансформацияға ұшырап, өзінің басымдығын ауыстыруы мүмкін, бірақ олардың тізімі орта мерзімді болашақта толықтырылуы мүмкін және олардың алдын алу мен күресу, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталық азия мемлекеттері тарабынан бірлескен әрекеттерді талап етеді деген тұжырым шығаруға болады.

Аймақтық мемлекеттердің әскери саясатын қайта қарастыруға алып келген қауіпсіздіктің дәстүрлі емес жаңа қауіп-қатерлерінің (діни экстремизм, терроризм) пайда болуы «секьюритизация» теориясын қолдануға мүмкіндік береді [5].

Қауіпсіздік категориясы ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздік категорияларымен тығыз байланысты. Мемлекеттердің ұлттық мүдделерін бір-бірімен сәйкестендіру мүмкіндіктері жөніндегі көзқарас — бұл аймақтық және халықаралық қауіпсіздік концепцияларының маңызды мәселелерінің бірі болып саналады.

Ұлттық қауіпсіздікті зерттеудің мәселелері геосаяси құрылымның дамуын және экономиканың, мемлекеттердің қарулы күштерінің, ғылыми-техникалық қуатының, ішкі саяси жағдайының дамуын болжаумен тығыз байланысты. Осы үрдістердің барлығы күрделі және кешенді болып табылады және оларды қазіргі заманғы формалды тәсіл арқылы талдау мүмкін емес. Сонымен бірге, бұл үрдістердің ағысында қарапайым жақтар бар және оларды формалды талдау тәсілі арқылы болжауға болатынын ескеру қажет.

Сарапшылардың көпшілігі ұлттық мүддені басты деп санайтын және әртүрлі халықаралық бірлестіктердің рөлін назарға алмайтын және бағаламайтын неомеркантилизм жақтастарының пікірлерін сынға алады. Неореалистердің пікірі бойынша ұлттық мүдделер мен ұлттық қауіпсіздік халықаралық жүйе құрылымымен тікелей байланысты болып табылады [6].

Қазіргі кезеңде болып жатқан оқиғалар мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігі мәселелері барлық мемлекеттердің қызығушылықтарының және олардың жалпыға ортақ стратегиялық тұрақтылығын жоғарлатуға қосқан өзара үлестерін ескере отырып, шешілуі тиіс екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан, осындай жағдайларда жаһандық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қалыптасқан халықаралық құрылымдардың ықпалын нығайтуды талап етеді.

Зерттеуші В.П. Лузяниннің пікірі бойынша мемлекеттердің (тараптардың) қауіпсіздігі (жаһандық, аймақтық немесе ұлттық) бәрінен бұрын мемлекеттердің өмір сүруі мен дамуы үшін қауіп-қатерлердің болмауын білдіреді, ал егер қауіп-қатерлер пайда болған жағдайда оларға тойтарыс беруді білдіреді. Сондықтан, қауіпсіздіктің деңгейін кері өлшеммен — қауіп-қатер дәрежесінен немесе олардан күтілетін салдардан бастап өлшеу қажет [7].

Жаһандық және аймақтық қауіпсіздікпен тұрақсыздықты қамтамасыз ету мәселесінің шешімін «көпжүйелі (копполярлы) жүйені» құрайтын барлық мемлекеттердің мүдделері мен ұлттық қауіпсіздігін ескеру арқылы табу мүмкін. Оның тұрақтылығы саяси, әскери, экономикалық, экологиялық, ұлттық, моралдық, психологиялық, діни т.б. факторларға байланысты болып келеді. Осымен қатар, олардың әрқайсысының деңгейі басқаларымен сәйкес келуі және қатаң диспропорцияға ие болмауы керек.

Сарапшылардың пікірінше, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кез-келген бір стратегиясын өңдеу төрт негізгі кезеңнен тұрады: жағдайды зерттеу; нақты міндеттерді анықтау; стратегияның әртүрлі варианттарын қолданысқа енгізу; қажетті күштерді және ресурстарды анықтау [8].

Зерттелетін үрдістер мен құбылыстардың күрделілігі, олардың кешенді сипаты, кездейсоқтық деңгейі және аймақтық қауіпсіздік жүйесінің параметрлеріне ықпал ететін эволюциялық үрдістердің әсер ету күші тарихи даму барысында өсіп отыр.

Сондықтан, нақты және ғылыми тұрғыдан негізделген зерттеудің прогностикалық әдістерінің және жаһандану үрдісінің күшеюіне байланысты аймақтық және ұлттық қауіпсіздіктің даму жағдайы мен болашағын бағалаудың, осымен бірге ұлттық құндылықтарға, мүдде мен мақсатқа әсер ететін шынайы қауіп-қатерлердің деңгейіне сәйкес келетін іс-шараларды таңдаудың толық жүйесін өңдеу қажеттілігі туындап отыр. Прогностикалық әдістердің мұндай жүйесі әлеуметтік және экономикалық қайшылықтарды шешуге және экономикалық, саяси, әскери, осылармен қатар экологиялық сипаттағы ірі масштабтағы апаттардың алдын алуға мүмкіндік тудырады еді. Сондықтан, ұлттық қауіпсіздік мәселелері қазіргі кезеңнің маңызды әрі күрделі проблемаларының қатарына жатады.

Стратегиялардың нұсқаларын жаңарту барысында салалық ведомствалық мүдделерді басшылыққа алуға болмайды. Тек қана қолда бар құралдарды, ресурстар мен уақытша шектеулерді ескерген жағдайда қауіпсіздік мәселесінің тиімді шешім табуға болады.

Қорытынды

Толықтай алғанда, халықаралық қатынастардың теориясы теориялық тәсілдердің дифференциалануымен және үстем теорияның жоқ болуымен сипатталатын ғылыми білім жүйесін құрайды. Қауіпсіздік мәселесін және жаһандық дамудың қауіп-қатерлерін зерттеудің қалыптасқан теориялық бағыттарының әрқайсысы бірін-бірі толықтыратын қандайда бір ерекше аспектіні көрсетеді.

ҚР-ның аймақтық және жаһандық қауіпсіздігі мәселесі бойынша отандық және шетелдік авторлардың ғылыми еңбектерін сараптамалық талдау жасаудың негізінде қазіргі заманғы отандық және шетелдік зерттеу жұмыстарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көп векторлы саясаттың ықпал етуіне

арналған шолу мен бақылау сипатындағы және зерттеу сипаттағы еңбектерде айтарлықтай алшақтық байқалады.

Аймақтану және жаһандану жағдайында Қазақстан прагматизм және көпвекторлық принципіне негізделген сыртқы саясатын жалғастыруда. Қазақстан Республикасының көпвекторлық концепциясы мемлекетіміздің ұлттық мүдделеріне сәйкес келетін белгілі бір дипломатиялық стильді және сыртқы саясатты жүргізудің тиімді әдісін көрсетеді. Мұндай тәжірибе байқау, сынап көру және қателік жіберу әдісі арқылы құрылды. Тек қана, 2000 ж. басында аталған әдіс тиімді сыртқы саяси бағыттың критерийіне айналды.

Айта кету қажет, көп векторлы саясат қатып қалған әрі барлық мерзімге бекітілген догмалық форма емес, осыдан 20 жыл бұрын әлем басқаша жағдайда болды, Қазақстанның мүлдем басқаша мүмкіндіктері, мақсаты мен міндеттері болды. Қазіргі кезеңде әлем өзгеріп жатыр және Қазақстанның ортасы да, сонымен қоса әлемдік саясатқа қатысушы негізгі мемлекеттердің басымдықтары мен артықшылықтары да өзгеріп жатыр.

ҚР-ның қауіпсіздігіне ықпал ететін қазіргі кезеңдегі жаңа геосаяси жағдайлар мүмкіндіктер диапозонының кеңейуін және Қазақстанның шекарасы бойынша саяси кеңістіктің күрделенуін көрсетіп отыр. Сондықтан, аталған мәселелер геосаяси жағдайды концепциялық тұрғыдан қайта ұғыну саласы бойынша және ортамерзімді немесе ұзақмерзімді сала бойынша болжау жасау жаңа әдіс-тәсілдерді өңдеу мен оларды қолдануды талап етіп отыр деген тұжырым шығаруға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Keohane R.O. The Demand for International Regimes / R.O. Keohane // International Organization. — 1982. — Vol. 36, No. 2. — P. 325.
- 2 Buzan B. Regions and Powers: the Structure of International Security / B. Buzan, O. Waever. — Cambridge University Press, 2003. — 596 p.
- 3 Черных И.А. История формирования системы региональной безопасности в Центральной Азии (1991–2006 годы): дис. ... д-ра ист. наук / И.А. Черных. — Алматы, 2007. — 325 с.
- 4 Al-Redhan R.F. The five dimensions of global security / R.F. Al-Redhan. — Geneva: Centre for Security Policy, 2010. — 160 p.
- 5 Buzan B. People, states, and fear: the national security problem in international relations / B. Buzan. — Chapel Hill: Univ. of North Carolina Press, 1983. — P. 74.
- 6 Акишев А.А. Национальная безопасность: проблемы и перспективы / А.А. Акишев. — URL: <https://refdb.ru/look/2677390-p27.html>
- 7 Лузянин В.П. Методология исследования проблем безопасности и стабильности / В.П. Лузянин // Военная мысль. — 1993. — № 3. — С. 34.
- 8 Методология исследования национальной безопасности. — URL: <http://www.smartpolitic.ru/smapos-980-4.html/>

К.И. Байзакова, Г.М. Смагулова, С.Б. Стамбулов

Новые методологические подходы в прогнозировании вопросов глобальной и региональной безопасности: международный опыт

В условиях формирования нового мирового порядка представляется особо важным комплексное рассмотрение специфики проблем региональной и международной безопасности. Методологические подходы помогают учитывать новые дефиниции и направления научного знания, касающиеся системы международных отношений, структурирования системы безопасности, выявления ее многосторонних элементов. Актуальность темы заключается в изучении и соотношении различных подходов и прогнозировании различных взглядов на региональную и глобальную безопасность. Авторы статьи рассмотрели проблему соотношения подходов глобальной и региональной безопасности в историческом ракурсе и с учетом различия парадигм в рамках различных школ и направлений. Ими предложен анализ соотношения различных подходов к региональной и глобальной безопасности с учетом развития опыта национальной безопасности Центральной Азии. Что, в свою очередь, привело к обоснованным выводам о том, что изучение региональной безопасности требует нового категориального аппарата. Выработка новых категориальных понятий предполагает комплексное исследование проблем безопасности. При этом необходимо обратить внимание на усовершенствование методов сбора и анализа информации по исследуемой проблеме.

Ключевые слова: региональная безопасность, глобальная безопасность, Центральная Азия, региональный комплекс безопасности, теория международных отношений.

K.I. Baizakova, G.M. Smagulova, S.B. Stambulov

New methodological approaches in forecasting global and regional security issues: international experience

In the context of the formation of a new world order, a comprehensive review of the specific problems of regional and international security is particularly important. Methodological approaches help to take into account new definitions and areas of scientific knowledge regarding the system of international relations, structuring the security system and identifying its multilateral elements. The relevance of the topic appears to us in the research and forecasting of various approaches in the study and forecasting of different views on regional and global security. The authors consider the problem of the balance of global and regional security approaches in a historical perspective and taking into account the differences in paradigms within different schools and directions. The article offers an analysis of the correlation of different approaches to regional and global security, taking into account the development of Central Asian national security experience. The authors reached reasonable conclusions that the study of regional security requires a new categorical apparatus. The development of new categorical concepts involves a comprehensive study of security problems. In this case, it is necessary to pay attention to the improvement of methods for collection and analysis of information on a research problem.

Keywords: regional security, global security, Central Asia, regional security complex, theory of international relations

References

- 1 Keohane, R.O. (1982). The Demand for International Regimes. *International Organization*, 36, 2, 325.
- 2 Buzan, B., & Waever, O. (2003). *Regions and Powers: the Structure of International Security*. Cambridge University Press.
- 3 Chernykh, I.A. (2007). Istoriiia formirovaniia sistemy rehionalnoi bezopasnosti v Tsentralnoi Azii (1991–2006 hody) [The history of the formation of the regional security system in Central Asia (1991–2006)]. *Extended abstract of doctor's thesis*. Almaty [in Russian].
- 4 Al-Redhan, R.F. (2010). *The five dimensions of global security*. Geneva: Centre for Security Policy.
- 5 Buzan, B. (1983). *People, states, and fear: the national security problem in international relations*. Chapel Hill: Univ. of North Carolina Press.
- 6 Akishev, A.A. Natsionalnaia bezopasnost: problemy i perspektivy [National Security: Problems and Prospects]. *refdb.ru* Retrieved from <https://refdb.ru/look/2677390-p27.html> [in Russian].
- 7 Luzyanin V.P. (1993). Metodolohiia issledovaniia problem bezopasnosti i stabilnosti [Safety and stability research methodology]. *Voennaia mysl — Military thought*, 3, 34 [in Russian].
- 8 Metodolohiia issledovaniia natsionalnoi bezopasnosti [National Security Research Methodology]. *www.smartpolitic.ru* Retrieved from <http://www.smartpolitic.ru/smapos-980-4.html> [in Russian].